

саморегуляции и конструктивного взаимодействия становится основой для формирования адекватного и целостного образа психолога.

Полученные результаты имеют практическое значение для совершенствования образовательных программ подготовки психологов в условиях Казахстана, поскольку указывают на необходимость дифференцированного подхода к формированию профессиональной идентичности на различных этапах профессионального становления. Понимание возрастных особенностей восприятия профессии может способствовать более эффективной организации профориентационной работы и повышению качества профессиональной подготовки специалистов-психологов.

Список использованной литературы

1. Бодалев А. А. Личность и общение. — 2-е изд. — М. : Международная педагогическая академия, 1995. — 328 с.
2. Нечаев Н. Н. Л.С. Выготский: Читая заново. Часть 1 // Культурно-историческая психология. — 2024. — Т. 20, № 3. — С. 12–26. DOI: 10.17759/chp.2024200302.
Режим доступа: https://www.researchgate.net/publication/383804004_LS_Vygotsky_Reading_Anew_Part_1 (дата обращения: 20.08.2025).
3. Брунер Дж. С. Актуальные умы, возможные миры. — Кембридж, Массачусетс : Изд-во Гарвардского университета, 1986.
4. Черри К. Стадии развития Эриксона: более подробный взгляд на восемь психосоциальных стадий // Verywell Mind. — 02.05.2024.
Режим доступа : <https://www.verywellmind.com/erik-eriksons-stages-of-psycho-social-development-2795740> (дата обращения: 20.08.2025).
5. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / пер. с англ.; под ред. А. В. Толстых. — 2-е изд. — М. : Флинта ; МПСИ ; Прогресс, 2006. — 352 с. — (Библиотека зарубежной психологии).
6. Кузьмин Е. С. Основы социальной психологии: избранные труды / сост. и ред. А. Л. Журавлев, Л. Г. Почебут. — М. : Институт психологии РАН, 2021. — 580 с.
7. Кузьмина Е. С., Семёнов В. Е. Методы социальной психологии : учеб. пособие. — Л. : Изд-во Ленинградского ун-та, 1977.
8. Кузьмина Н. В., Жаринова Е. Н. Е. С. Кузьмин — создатель кафедры, специализации по социальной психологии и продуктивной подготовки будущих специалистов // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 16. Психология. Педагогика. — 2011. — № 4. — С. 38–47.
9. Жунусова Е.К., Турсунгожинова Г.С., Кабдуалиева А.Ж. Формирование социальной компетенции будущих педагогов-психологов // КазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. — 2017. — Т. 58, № 3.
Режим доступа: <https://bulletin-psyloc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/645> (дата обращения: 20.08.2025).
10. Сагнаева Т., Аймаганбетова О. Изучение развития готовности к профессиональной деятельности у студентов-психологов // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. — 2014. — Т. 49, № 2.
Режим доступа: <https://bulletin-psyloc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/332> (дата обращения 20.08.2025)

ӘОЖ 376

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алпысбай А.Р., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Айтжанова Р.М., Е академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Мейрамова Б.Б., Қарағанды облысы білім басқармасының «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, мұғалім-дефектолог, Қарағанды қ., Қазақстан

Отбасы – адамдық мінез-құлықтың қайнар көзі мен үлгісі болып табылады. Бала ерте жастан бастап ата-анасының іс-әрекеттерін қайталайды және өзіне тән балалық, кейінірек ересектік мәселелерін шешуде отбасында қабылданған мінез-құлық үлгілерін пайдаланады. Баланы тәрбиелеудің басты мақсаты – оны қоғамның толыққанды, саналы және белсенді мүшесі етіп қалыптастыру. Дегенмен, кей жағдайда баланың дамуындағы қалыпты жол қолжетімсіз болуы мүмкін, сондықтан арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану қажеттігі туындайды.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің өзекті әрі ең көп талқыланатын мәселелерінің бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалардың білім алуы. Мұндай балалар ұғымы бүгінгі қоғам үшін жаңа ұғым емес. ЕБҚ бар балалар – білімді қалыпты жағдайда алуға мүмкіндігі шектеулі, ерекше білім алу жолын қажет ететін балалар.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала» ұғымы ғылыми әдебиеттерде «денсаулығында шектеуі бар бала» терминіне балама ретінде қолданылады. Бұл терминдердің енгізілуі – «аномальды балалар», «дамуында бұзылыстары бар балалар», «ауытқушылығы бар балалар» сияқты кемсітушілік сипаты бар түсініктерді ығыстыру қажеттілігінен туындайды. Л.С. Выготскийдің [2] мына пікірі ерекше мәнге ие: *«Мұндай балаларды жеке топтарға бөліп оқшауламай, оларды басқа балалармен мүмкіндігінше кеңірек араластыру маңызды»*. Бұл ой инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негізін ашып береді.

Соңғы жылдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың саны артты. Мұндай отбасылар күрделі жағдайға тап болады. Инклюзивті тәжірибенің негізгі бағыттарының бірі – осындай отбасыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – педагогикалық үрдістің құрамдас бөліктеріне жүйеленген, кешенді педагогикалық әсерлерді білдіретін, білім беру субъектісіне оның мәселесін шешуде көмек пен қолдау көрсетудің үздіксіз процесі.

Авторлар А.В. Меренков, Е.А. Калягина, С.В. Рослякова, Н.О. Яковлева, А.Н. Шалкиналардың ғылыми жарияланымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық пен әлеуметтік-педагогикалық қолдау ұғымдары қарастырылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына қолдау көрсету – отбасының түзету әлеуетін жандандыруға, оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттер жүйесін қамтиды [8]. Бұл баланың қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие стратегияларын қалыптастыруға және жүзеге асыруға, сонымен бірге ата-аналардың сындарлы көзқарасы мен қарым-қатынасын орнықтыруға мүмкіндік береді. Қолдау технологиясы білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып, ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды дамуына жағдай жасайды [5]. Мұндай ата-аналармен жұмыс олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған тәрбиелеу мен даму мәселелері бойынша іс-шараларды қамтиды [4].

О.И. Байдарованың пікірінше, отбасыға көбірек көмек көрсету үшін білім беру ұйымы мамандары мен ата-аналардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету қажет. Мұндай ынтымақтастық барысында отбасының нақты сұранысы қарастырылып, жұмыс бағыттарының басымдықтары бірлесе таңдалады [1].

А.А. Чурсина мен О.А. Жилкина педагог-психологтың ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен жұмысындағы негізгі міндеттерді айқындайды:

1. ата-аналарды бала тәрбиесі мен үй жағдайында оқыту тәсілдерімен, әдістерімен қамтамасыз ету;
2. ата-аналардың балаға деген адекватты көзқарасын қалыптастыру, белсенді ата-аналық ұстанымды дамыту;
3. ата-аналарды білім беру процесіне толыққанды қатысушы ретінде тарту, оларды сынып пен мектеп өміріне араластыру;
4. ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту, олардың нақты қажеттіліктерін зерттеу [10, 384-б.].

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі бағыты ерекшеленеді:

1. Өзекті қолдау – балада немесе оның отбасында туындаған мәселелерді шешуге бағытталған;
2. Перспективті қолдау – балалардың оқу және дамуындағы ауытқулардың, сондай-ақ отбасылық және әлеуметтік қарым-қатынастардағы қиындықтардың алдын алуға бағытталған [8, 28-б.].

С.В. Алехина, М.М. Семаго және басқа авторлар ата-аналармен жұмысты тиімді жүргізу үшін оларды баланы қолдау процесінің барлық кезеңіне қатыстыру қажеттігін атап көрсетеді. Ғалымдар келесі кезеңдерді бөледі:

1. Диагностикалық кезең – баланың өмір сүріп отырған жағдайының жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау; отбасындағы атмосфера мен қарым-қатынастарды тұрақсыздандыратын себептерді айқындау; даму ерекшелігі бар баланың гармониялық дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларды талдау; тиімсіз тәрбие модельдері мен деструктивті қарым-қатынас формаларын анықтау.
2. Ақпараттық кезең – ата-аналарды білім беру процесіндегі барлық қатысушыларды сүйемелдеудің жалпы контекстінде ақпараттандыру.
3. Ағартушылық кезең – ерекше қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері бойынша ата-аналарды ағарту. Бұл жұмыс жоспарланған іс-шаралар (жиналыстардағы мамандардың баяндамалары, жеке немесе топтық кеңестер, тренингтер) арқылы да, сондай-ақ ақпараттық бұрыштар, парақшалар, білім беру ұйымының ресми сайтындағы материалдар арқылы да жүзеге асады. Негізгі мақсат – ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру.
4. Қатыстыру кезеңі – ата-аналарды мектептегі және сыныптағы іс-шараларға белсенді қатыстыру.
5. Практикалық кезең – осыған дейін қалыптасқан бала-ата-ана қауымдастығы аясында ата-аналардың өз баласының жетістіктеріне, балалар арасындағы өзара қарым-қатынастарға және ұжымдық дамуға қатысты көзқарастарының орнығуы.

6. Аналитикалық кезең – қорытындылау, қол жеткізілген нәтижелерді талдау, бірлескен жұмыстың тиімділігін бағалау және инклюзивті тәжірибені одан әрі дамытуға арналған болашақ жоспарларды айқындау [7].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызды бағыты – ата-аналар мен балаға кеңес беру. В.В. Ткачеваның пікірінше, кеңес беру мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Танысу – байланыс орнату, сенім мен өзара түсіністіктің қажетті деңгейіне жету;
2. Мәселені анықтау – ата-аналардың немесе олардың орнын басатын адамдардың айтуы бойынша отбасы мәселелерін айқындау, бастапқы тұтас көзқарас қалыптастыру;
3. Диагностика – баланың интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерін бағалау үшін баланы әңгімелесу мен тексеруге тарту, белгілі бір бағдарлама бойынша оқуға мүмкіндігін болжау;
4. Тәрбие моделін талдау – ата-аналардың қолданатын тәрбие тәсілдері мен олардың жеке ерекшеліктерін айқындау;
5. Диагностикалық нәтижелерді бағалау – нақты мәселелерді анықтау және ата-аналармен бірге талқылау, олардың назарын ең маңызды аспектілерге аудару;
6. Шешу жолдарын анықтау – отбасындағы мәселелерді шешудің нақты әдістерін белгілеу;
7. Қорытынды кезең – жүргізілген жұмысты қорыту, педагог-психологтың көмегімен отбасы мүшелерінің мәселені дұрыс түсінуін бекіту [9, 62-65 б.].

Ата-аналармен жұмыстың қажеттілігіне тоқталсақ, ЕБҚ бар баласы бар отбасының күнделікті өмірі басқа отбасыларға қарағанда әлдеқайда күрделі. Бала туу – әрқашан ата-аналар үшін қуанышты оқиға. Дегенмен, дені сау бала туған жағдайда бұл қуаныш басым болса, дамуында ерекшеліктері бар баланың дүниеге келуі ата-аналар үшін ауыр сынақ болып саналады. Мұндай жағдайда ата-аналардың реакциясы әртүрлі, алайда көп жағдайда оларды күйзеліс, дағдарыс, психологиялық күйреу сезімі билейді.

Зерттеуші Л.М. Колпакова [3] атап өткендей, ата-аналар көбінесе баланың денсаулығы мен емделу мәселелеріне назар аударады, бірақ оның ішкі жан дүниесімен, қарым-қатынас қажеттіліктерімен байланысты мәселелерге мән бере бермейді.

Ғалымдар Иванова Е.В., Ткачева В.В. [9] ЕБҚ бар бала отбасыларының ерекшеліктерін үш деңгейде қарастырады:

1. Соматикалық деңгей – ата-аналар созылмалы күйзелістің әсерінен шаршау, ұйқысыздық, бас ауруы сияқты психосоматикалық мәселелерге ұшырайды.

2. Әлеуметтік деңгей – мұндай отбасылар қоғамнан оқшауланып, әлеуметтік байланыстарын шектейді, кейде ұялу, кінә сезімдерін бастан кешіреді.

3. Психологиялық деңгей – отбасындағы қарым-қатынастардың бұзылуы, күйзеліс, эмоционалдық қажу байқалады. Бұл баланың тұлғалық дамуына да теріс әсерін тигізеді.

Зерттеу негізінде ұсынылған психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы ата-аналардың балаға деген көзқарасын, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған. Қолдау бағдарламасының мазмұнында:

- балаға диагностика жүргізу;
- ата-аналарға кеңес беру;
- психокоррекциялық тренингтер;
- ата-аналарға арналған дөңгелек үстелдер;
- ПМПК-ға жолдама беру;
- баланың жеке білім беру маршрутын жасау қарастырылған.

Ата-аналарға арналған психологиялық қолдау бағдарламасы оларға баланы қалыпты бала ретінде қабылдауға, отбасылық өмірді толыққанды ұйымдастыруға көмектеседі.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеуші ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес, арнайы педагогтердің (дефектолог, логопед, тифлопедагог, сурдопедагог және т.б.) педагогикалық көмек көрсетуі, оның ішінде телефон арқылы, интернет желісі арқылы қашықтықтан кеңес беру; ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қоғамға табысты бейімделуі және оңалту үшін білікті мамандардың жеке тұлғаны дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуі; қолдаудың тиімділігін талдау, қажет болған жағдайда әзірленген бағдарламаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу; ата-аналардың өзін-өзі оң бағалауын қалыптастыру; өзін-өзі талдау және психологиялық кедергілерді жеңу дағдыларын дамыту; ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамыту.

Қазіргі уақытта ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны айтарлықтай өсті, бұл оларға және оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмекке мұқтаждықтың артқанын білдіреді. «Ерекше балалары» бар отбасымен жұмыс істеуге гуманистік көзқараспен қарау керек, жан-жақты психологиялық және педагогикалық көмек қажет, ата-аналар баланы өмірге белсенді дайындауға, баланың болашағына қатысты ойлау қабілетін дамытуға, оның дамуының тиімді жағдайларын қалыптастыруға бағытталуы керек.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың отбасын қолдаудың екі жақты мақсаты бар: бір жағынан, олардың тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруда ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау, екінші жағынан, отбасымен жұмыс істеу баланың әлеуметтенуден сәтті өтуіне көмектесу үшін қажет. Сонымен бірге балаға көмек көрсетудің мазмұны көбінесе ата-аналармен жұмыстың бағытын анықтайды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жүйесі - ол оның жанұясында ерекше қажеттіліктері бар баланың жан-жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық шаралар болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау үрдісі әрқашан өзекті болатыны анық, өйткені ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өмірі ересектерден ерекше көзқарасты талап етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету – бұл отбасының түзеу ресурстарын жаңартуға, оның жұмыс істеуінің тиімділігін қамтамасыз етуге, әсіресе білім беруде ерекше қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу мен дамытуға байланысты дағдарыстар кезеңіндегі қызмет, бұл түзету-дамыту кеңістігінде баланың жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес барлық мүмкіндіктерін жасауға, ата-ананың оған деген сындарлы қарым-қатынасы мен ұстанымына негізделген баланың қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие стратегияларын қалыптастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен мазмұнды жұмыстың жоғары сапасын қамтамасыз етеді және ата-аналардың тәрбие мен даму мәселелеріндегі белсенді ұстанымын нығайтуға ықпал етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үрдісі мамандардың, педагогтардың және баланың отбасының тығыз әрекеттестігіне негізделген күрделі көп деңгейлі динамикалық процесс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Байдарова О.И. Социальное сопровождение семей, воспитывающих детей-инвалидов и детей с ОВЗ // Модель системы комплексного сопровождения инклюзивных форм обучения и воспитания детей-инвалидов и детей

с ограниченными возможностями здоровья: Сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции (27-28 ноября 2014 года) / под науч. ред. Т.В. Машаровой, С.В. Алёхиной, И.А. Крестининой; ИРО Кировской области. – Киров: ООО «Типография «Старая Вятка», 2014. – 577 б.

2 Выготский Л.С. Основы дефектологии Текст. / Л.С. Выготский.- СПб.: Лань, 2003. 654 б.

3 Колпакова Л.М. Особенности психологического климата в семье ребенка-инвалида. // Материалы III Всероссийского съезда психологов. СПб.:СПбГУ, 2003. - Т. 4. С. 326-329 б.

4 Организация и психолого-педагогическое сопровождение инклюзивного обучения: метод.рекомендации / сост. И.Ф. Сибгатуллина. - Казань, 2017. - 43 б.

5 Посысов Н.Н. Психолого-педагогическое сопровождение семей, имеющих детей с ограниченными возможностями здоровья; ГОАУ ЯО ИРО. - Ярославль, 2011. - 76 б.

6 Психологическое сопровождение семьи ребенка с особыми возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования: методические рекомендации / сост. Н.А. Крушная. – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2016. – 36 б.

7 Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики: Методическое пособие / Под общ. ред. С.В. Алехиной, М.М. Семаго. — М.: МГППУ, 2012. — 15 б.

8 Стругова В.Г., Колесникова О.Б. Социально-педагогическое сопровождение семьи ребенка с ограниченными возможностями здоровья в условиях реабилитационного центра // Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Наука и социум». - 2017. - №3. - 124-130 б.

9 Ткачёва В.В. Семья ребенка с ограниченными возможностями здоровья: диагностика и консультирование. — М.: Национальный книжный центр, 2014. — 160 б.

10 Чурсина А.А., Жилкина О.А. Взаимодействие семьи и школы в процессе обучения детей с ограниченными возможностями здоровья в области инклюзивного образования // Инклюзивное образование: результаты, опыт и перспективы: сборник материалов III Международной научно-практической конференции / под ред. С.В. Алехиной. – М.: МГППУ, 2015. – 528 б.

UDC 364-055.2(560)

TÜRKİYE'DE KADIN VE SOSYAL HİZMETLER

Fatma Arpacı, Gazi Üniversitesi, Sosyal Hizmet Bölümü, Ankara, Türkiye

Ömer Faruk Cantekin, Gazi Üniversitesi, Sosyal Hizmet Bölümü, Ankara, Türkiye

1. Giriş

Kadınlar pek çok nedenden özellikle de geleneksel düşünce kalıplarından dolayı, ekonomik ve siyasal yönlerden az gelişmiş toplumlarda göz ardı edilen sosyal dezavantajlı gruplar arasında en önemli grubu meydana getirmektedirler. Ülkemiz hem geleneksel değer yargılarını hem de modern kurumsallaşma anlayışını bir arada yaşayan toplumsal yapı özelliğine sahiptir. Sosyal ve ekonomik yaşamda etkin rolü kadınların yaşamın her alanında karşılaştıkları problemler sebebiyle dezavantajlı olmaları demokratikleşme ve kalkınma üzerinde olumsuz etki göstermektedir. Kadının sahip olduğu fiziksel güç, bazı dinlerin kadına karşı önyargılı kuralları ve uygulamaları, geleneksellik anlayışını devam ettiren sosyal çevre, kültürel kodlar, hane içi rol ve sorumluluklar, kadının dezavantajlı olması sebepleri içerisinde yer almaktadır.

Türkiye Cumhuriyeti'nin kurulduğu günden beri kadın; eğitim alma, sağlık hakkını kullanma, çalışma yaşamında olma, siyaset ve karar alma mekanizmalarında yer alma gibi pek çok alana hem katılımında hem de şiddet ile yüz yüze gelmede erkeğe kıyasla daha dezavantajlı konumda karşımıza çıkmaktadır. Avrupa Konseyi dezavantajlı gruplar için; uzun süreli bakımı, sağlığı, sosyal güvenliği, barınmayı ve istihdamı vb. hizmetleri genel kamu ve sosyal hizmetlerin ayrılmaz bir ögesi şeklinde ifade etmiştir (Yığıtbaş, 2020).

Ülkemizin 2024 yılındaki 85.664.944 kişi olan toplam nüfusunun, 42.853.110'u erkek, 42.811.834'ü ise kadınlardan oluşmaktadır. Diğer bir ifadeyle toplam nüfusun %50,02'sini erkekler, %49,98'ini ise kadınlar oluşturmaktadır (TÜİK, 2025). Ülke nüfusumuzun hemen hemen yarısı kadınlardır. Türkiye'de kadın haklarının korunmasıyla ilgili olarak başta anayasamız olmak üzere hem ulusal hem de uluslararası bildirgeler / sözleşmeler bulunmaktadır. Türkiye Cumhuriyeti Anayasasında, kadın ve erkeğin eşit haklara sahip olduğu ve devletin, bu eşitliğin yaşama geçmesini sağlamakla yükümlü olduğu hükme bağlanmış, 2010 yılında yapılan düzenleme ile bu maksatla alınacak tedbirlerin eşitlik ilkesine aykırı olarak yorumlanamayacağı belirtilerek, kadınlara yönelik pozitif ayrımcılık getirilmiştir ve uygulanmaktadır.

Ülkemiz On Birinci Kalkınma Planı, kadına yönelik politikaların temel amacını; her türlü ayrımcılığın önlenmesi, kadınların toplumsal yaşamın tüm alanlarında hak, fırsat ve imkânlardan eşit biçimde yararlanmalarını ve güçlenmelerini sağlamak olarak içermektedir. Kadınlara yönelik politikalar, üst politika belgesi olarak orta vadeli programlar, Cumhurbaşkanlığı yıllık programları, eylem planları ve strateji belgeleri ile kurumsal düzeyde uygulanan stratejik planlar vb. dokümanlar aracılığıyla hayata geçirilip uygulanmaktadır (Çetin, 2023).

2. Sosyal Hizmet

Hem bir sanat hem de bir bilim olarak tanımlanan sosyal hizmet bütün insanların yaşam kalitesini geliştirmeye yardım etmek için toplum tarafından uygun görülen insani hizmet mesleklerinden bir tanesidir. Sosyal hizmetin insanların sosyal